№1 Хромтау орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
**ХАТТАМАСЫ №3**

Өткізілген күні:27.08.2022жыл
Қатысқандар саны: 11

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы .
2. 2022-2023 оқу жылының ерекшеліктері.
3. Аз қамтылған отбасы балаларының мектепке дайындығы, ыстық тамақпен қамту

Қаралды:
1-мәселе бойынша:Мектеп директоры А.К.Абдрахманова :
2022-2023 оқу жылында білім берудi ұйымдастыруда келесі міндеттерге
назар аударылады:
-білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
-білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
-цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
инклюзивті білім берудi қамтамасыз ету.
Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды. Бастауыш білім берудің үлгілік оқужоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадайөзгерістер енгізілді:
- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және»Бейнелеу өнері»;
- Ата-аналардың қаражаты есебінен оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін (бастауыш сыныптарға арналған жазуларды) сатып алуға жол берілмейді
- ОӘК бюджет қаражаты есебінен ғана сатып алынады.
Оқыту қазақ / орыс тілдерінде жүргізілетін бастауыш білім берудінҮлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:«Шетел тілі» пәні 3-сыныптан бастап оқытылады.
Жалпы мектеп жаңа оқу жылына дайын, оқулықтар таратылды..

II -мәселе бойынша :
Сөз сөйлегендер: Байгельдина Г.М.: Мектептерге қару мен оған сыртқы ұқсастығы бар заттарды әкелуге қатаң тыйым салынатындығы, бұдан бөлек, білім беру ұйымдарында пышақтың, кесетін және өткір заттарды, өнеркәсіптік құралдарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш, улы, психоактивті заттарды әкелуге және пайдалануға жол берілмейтіндігі айтылды. Қылмыстық кодекстің 163- бабына тоқталып, бопсалау –қылмыстық әрекет екендігі және де кешкі мезгілде білім алушылардың ата-анасыз көшеде жүруге болмайтындығы,сабақтан себепсіз қалмау керектігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігіне тоқталды.Сонымен қатар аз қамтылған отбасы балаларының мектепке келуін, ыстық тамақпен қамтылуы үнемі бақылауда ұстау керектігін ескертті.

*Нұрданова Г./әлеуметтік педагог/:*
2022-2023 оқу жылына 41 білім алушыдан келіп түскен өтініш негізінде тегін ыстық тамақпен қамтылуы қарастырылды.«Мектепке жол » акциясы аясында 16 білім алушыға демеушілер тарапынан материалдық (мектеп формасы, спорттық костюмдер, кең

киімдер, оқу - құралдары) көмек көрсетілген болатын. Көмек ата – аналар тарапынан келіп түскен өтініштер негізінде берілді.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, көпбалалы және жетім, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қолдау мақсатында "Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық" ұранымен "Мектепке жол" жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы аясында №1 Хромтау мектебі әлеуметтік желілерге, жеке кәсіпкерлерге сұраныс хаты арқылы әлеуметтік осал топ балаларының мектепке келмеуінің алдын алу үшін демеушілік танытуға шақырды.

Шешім қабылданды:

1. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау, ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
3. Мектепке әкелуге тыйым салынған заттар туралы ата-аналарға, білім алушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Аз қамтылған отбасы балаларының мектепке келуі, ыстық тамақпен қамтылуы бақылауға алынсын.

Кеңес төрағасы: Байгельдина Г.М.
Хатшы: Бахыткерей С.

Кеңес мүшелері: Махмудова Р.К.
Баймагамбетова Д. С. -
Нұржанов Е.Р. -
Жанабатырова Р. М. -
Баймагамбетов Н. Т.
Бисекеев Б. С. -
Битимбаева Р.А. -
Алексеенко Н.